На сегодняшний день применение института медиации в нашем казахстанском обществе показывает, что данный механизм необходим в Республике Казахстан как универсальный способ разрешения споров и конфликтов. Более того, в процессе изучения применения Закона РК «О медиации» в практической плоскости были выявлены некоторые проблемы сферы применения медиации, соответственно был проведен мониторинг законодательных актов в сфере медиации и предложены пути решения.

Исходя из обобщенного анализа нормативно-правовой базы Республики Казахстан в сфере медиации, существующих теоретических взглядов по способам разрешения споров о праве как в частно-правовых отношениях, так и в публично-правовых, в статье в целях снижения социальной напряженности, конфликтности в обществе, развития общественного согласия, предлагается расширение сферы применения медиации, а также дальнейшего внедрения школьной медиации в Республике Казахстан. Законодательное закрепление и применение разнообразных путей и способов достижения компромисса между сторонами как в судебном, так и во внесудебном порядке в нашем государстве – необходимость, продиктованная современными условиями жизни общества, которое стремится к полноценной реализации прав и свобод граждан и юридических лиц, а также защите нарушенных или оспариваемых прав в тех или иных сферах.

PROBLEMS OF APPLICATIONS OF MEDIATION IN REPUBLIC KAZAKHSTAN

Ramazanova, Ainur S.

Associate Professor of civil law and civil process
of the East Kazakhstan state University. S. Amanzholov, PhD,
Ust-Kamenogorsk, Republic of Kazakhstan;
e-mail: aynura_9999@mail.ru

Keywords: alternative methods of dispute resolution on the law; conciliation; mediation; mediators; arbitration; conflict resolution; negotiations; non-judicial forms of protection of rights.

Abstract. Considering the practical implementation and further implementation of the institutes of alternative dispute resolution on the law of the Republic of Kazakhstan the legal community drew attention to further legislative consolidation of the status and activities of legal mediation procedures in the Republic of Kazakhstan, especially the mediation of technology disputes, such as extrajudicial forms of protection of rights and interests of citizens and legal entities contribute to the development of social harmony and the reduction of conflicts in the society, and the development of partnerships in the long term.

To date, the use of mediation in our Kazakh society shows that this mechanism is necessary in the Republic of Kazakhstan as a universal way to resolve disputes and conflicts. Moreover, in the process of studying the application of the Law «On mediation» in practice, some problems of the scope of mediation were identified, respectively, the monitoring of legislative acts in the field of mediation was carried out and solutions were proposed.

Based on the generalized analysis of the legal framework of the Republic of Kazakhstan in the field of mediation, the existing theoretical views on the methods of dispute resolution on the law both in private and public relations, in order to reduce social tension, conflict in society, the development of public consciousness, it is proposed to expand the scope of mediation, as well as further implementation of school mediation in the Republic of Kazakhstan. Legislative consolidation and application of various ways and means of reaching a compromise between the parties both in court and out of court in our state is a necessity dictated by the modern conditions of life of the society, which strives for the full realization of the rights and freedoms of citizens and legal entities, as well as the protection of violated or disputed rights in.

Қазақстан Республикасында бүгінгі қоғамның даму кезеңінде бітімгерлік рәсімдер (медиация, арбитраж, партисипативтік рәсімдер және т.б.) арқылы бұзылған құқықтар мен заңды мүдделерді қорғаудың маңызы айтарлықтай өзекті болып отыр. Бұл нарықтық экономика жағдайындағы қоғамдық қатынастар мемлекеттің, олардың мекемелерінің, ұйымдарының, сондай-ақ жеке тұлғалардың, заңды тұлғалар-

дың әртүрлі құқықтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени және басқа да қатынастардағы өзара іс-қимылының өсуімен сипатталады. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, өзара іс-қимылының барысында аталған субъектілер көбінесе өз шешімін талап ететін жанжалды жағдайлар мен дауларға түседі. Туындаған дауларды шешуде дауларды бейбіт жолмен шешудің тарихи қалыптасқан құқықтық құралдары

(келіссөздер, мейірімді қызметтер, делдалдық, арбитраж, медиация, сот талқылауы) маңызды рөлге ие.

Құқық туралы дауларды шешудің балама тәсілдері - юрисдикция нысанының нарықтық қатынастарына неғұрлым барабар, өйткені бірнеше сот сатыларынан кейін өтуді болжайтын мемлекеттік сот тәсіліне қарағанда, татуластыру рәсімдері тараптардың арбитраждарды (медиаторларды) таңдау бостандығына, үлкен құпиялылыққа және арзандылыққа байланысты бірқатар артықшылықтарға ие.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі бүгінгі таңда, 2015 жылы 31 қазанда ҚР Азаматтық Процестік кодексі¹, 2011 жылы 28 қаңтарда «Медиация туралы» ҚР Заңы², 2016 жылы 8 сәуірде «Арбитраж туралы» ҚР Заңы³ қабылданғаннан кейін, Қазақстан Республикасындағы құқық туралы дауларды шешудің баламалы түрлерін одан әрі теориялық әзірлеу және жан-жақты зерттеу азаматтық қоғам мен оның институттарының дамуының объективті үрдістерін бейнелейтіндіктен теориялық және тәжірибелік қызығушылыққа ие. Осыған байланысты, жеке-құқықтық қатынастар саласында сот төрелігін жүзеге асырудағы мемлекеттік соттардың рөлі қаншалықты жоғары бағаланса да, құқықтық дауларды шешудің баламалы тәсілдерінің маңызын жете бағаламауға болмайды.

Азаматтық құқықтарды қорғаудың баламалы тәсілі бүкіл әлемдік тәжірибеде кеңінен дамыған және де экономиканың прогресімен ол одан әрі дамитын болады. Салыстыру үшін АҚШ-та дауларды реттеудің баламалы құралдарын қарастырсақ.

«Дауларды шешудің соттан тыс нысандары америкалық құқықтық жүйенің ажырамас элементі болып табылады. Олар қымбат тұратын, ресми және ұзақ рәсімдегі әділ сот төрелігінің баламасы ретінде пайда болды. Осы нысандарды белгілеу үшін «дауларды реттеудің баламалы құралдары» (Alternative Dispute Resolution) жалпы термині және ресми аббревиатура – ADR қабылданды.

Америкалық заңгерлер қазіргі уақытта дауларды реттеудің жиырма түрлі процедурасын атайды. Жалпы қабылданған ADR-ді үш негізгі түрге бөлген:

1. Келіссөздер (negotiation) - дауды тараптардың өзге тұлғалардың қатысуынсыз тікелей реттеуі;

2. Делдалдық (mediation) - тараптардың келісімге қол жеткізуіне ықпал ететін тәуелсіз бейтарап делдалдың көмегімен дауды реттеу;

3. Төрелік (arbitration) – тараптар үшін міндетті шешім шығаратын тәуелсіз бейтарап тұлға - төрешінің көмегімен дауды шешу.

Көрініп тұрғандай, осындай бөлу үшінші тұлғаның келіспеушіліктерін реттеуге қатысу немесе оның өкілеттігі туралы өлшемдер болып табылады. Осы үш негізгі түрдің элементтері әртүрлі нұсқаларға біріктіріледі. Сондықтан келіссөздер әрдайым кез келген басқа процедураның бөлігі болып табылады.

«Тараптар келісімге қол жеткізбеген жағдайда дауды төрелік тәртібімен шешуге уәкілетті делдал - төреші көмегімен дауды реттеуді білдіретін «делдалдық - төрелік» (mediation) нысаны кең таралған» [1; 92 б.].

Қазіргі қоғам азаматтардың жеке азаматтық-құқықтық қатынастардан бастап жария-құқықтық қатынастарға дейін кез келген салада коммуникативтік өзара іс-қимыл жасау қабілетіне аса мұқтаж. Ол үшін әлеуметтік интеллектті, ынтымақтастық менталитетті, қоғамдағы әлеуметтік әріптестікті дамыту қажет. Сонымен қатар, құқық туралы дауларды татуластыру әдістері арқылы шешудің баламалы тәсілдерін одан әрі дамыту қоғамдық келісім, қоғамдағы жанжал деңгейін төмендету, адамгершілік құндылықтарға сүйенетін, адам өміріне, жеке адамның әл-ауқаты мен үйлесімді дамуына, бірінші орынға жағымды қоғамдық өзара іс-қимылға негіз қалай отырып, осы міндеттерді шешуге ықпал етеді.

Зерттеуші Каратаев И.А. медиацияның өзекті мәселерін қарастырып, «...алайда, медиацияны кеңінен тарату және осы мәселе бойынша нормативтік базаны жетілдіру, егер азаматтардың менталитеті, олардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасының деңгейі сияқты факторлар ескерілген жағдайда ғана мүмкін болатынын атап өту қажет. Біздің ойымызша, бұл проблеманы шешу барлық деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының, оның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының және медиаторлардың өздерінің белсенді ағартушылық жұмысында көрінеді» - дейді [2; 74 б.]. Осы пікірмен келісе отыра, Қазақстан Республикасында да медиацияның кеңінен таратылуы қолданылу саласының нормаларына, медиацияның мәселелерін заңға сәйкес шешілуіне байланысты.

Медиацияның қолданылу саласы ҚР «Медиация туралы» Заңының 1 бабында белгіленген. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, от-

¹ ҚР Азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазанда қабылданған (15.01.2019 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>

² ҚР Медиация туралы Заңы № 401-IV 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған (31.10.2015 ж. өзгерістер мен толықтырулармен) // <http://online.zakon.kz/>

³ ҚР Арбитраж туралы Заңы №488-V 2016 жылғы 8 сәуірде қабылданған // <http://online.zakon.kz>

басылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын, сондай-ақ онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстар туралы, қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын даулар (жанжалдар) және атқарушылық іс жүргізуді орындау кезінде туындайтын қатынастар медиацияның қолданылу саласы болып табылады.

Философиялық тұрғыдан алып қараса, жанжал – бұл адам өмірінің табиғи бөлігі, өсу дәлізі, динамика, ынталандыру деп белгіленген. Бірақ кез-келген қақтығыстан шығынсыз, жүйкесіз, ақшасыз, уақытсыз шығу жақсы. Сондықтан, дауларды медиация жолымен реттеу - бұл қазіргі заманғы өркениетті қоғамның қажеттілігі⁴.

Тартыс, конфликт (лат. *conflictus* – қақтығыс) – екі немесе бірнеше жақтардың қарым-қатынасы барысында мақсаттары мен көзқарастарының өзара қарама-қайшылығы. Тартыс әлеуметтік және бейәлеуметтік болып екіге бөлінеді. Әлеуметтік тартыс субъектілері адамдар, ал бейәлеуметтік тартысқа табиғат құбылыстары жатады⁵ ҚР «Медиация туралы» Заңында белгіленген осы ұғымдар мағынасы бойынша бірдей сияқты анықталған, бірақ түсініктеріне сәйкес «конфликт» ұғымы ауқымды болып келеді.

«Жанжал тұжырымдамасы» атты мақаласында Пратек Дейв қақтығысқа қатысты үш түрлі көзқарас немесе тәсілдер бар деп көрсетеді. Олар мыналар:

1. Дәстүрлі көзқарас: ол қақтығыстың кез келген түрі жаман деп болжайды, сондықтан оны болдырмау керек. Бұл термин дәстүрлі түсінікте теріс коннотация болып келеді. Бұл адамдар арасындағы жақсы қарым-қатынас пен сенімнің болмауы, сондай-ақ басшылардың өздеріне бағынысты қызметкерлердің қажеттіліктерін түсінуге және әрекет етуге қабілетсіздігі нәтижесінде айтарлықтай дәрежеде қаралады.

2. Адам қарым-қатынасына көзқарас: осы тәсілге сәйкес, қақтығыс табиғи болмай қоймайтын құбылыс болып табылады және сондықтан кез келген ұйымнан толығымен жойылуы мүмкін емес. Бұл жағдайда жанжал оң деңгейде қаралады, өйткені жанжал топтың жұмысын жақсартуға әкелуі мүмкін деген болжам айтылады.

3. Өзара іс-қимылға көзқарас: ең соңғы тәсіл, яғни өзара іс-қимылға көзқарас, қақтығыстың белгілі бір деңгейі топтың тиімді жұмыс істеуі үшін өте қажет екенін көрсетеді. Тіпті ынтымақтас топты өзгерістер мен инновацияларға деген қажеттіліктерге беймәлім, жауап бермейтін статикалық, беймәлім етуге болады

[3; 40 б.]. Сондықтан ҚР «Медиация туралы» Заңында қаралатын даулар (жанжалдар) деп бірдей ұғым ретінде қарастырмай, «және» деген сөзді кірістіріп «даулар және жанжалдар» деп белгіленген дұрыс болар еді.

ҚР «Медиация туралы» Заңының 1 бабының 3 тармағында тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке және (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқық қатынастарынан туындайтын дауларға (дау-шарларға) медиация рәсімі қолданылмайды деп белгіленген.

Бірақ тәжірибе көрсеткендей кейбір жағдайларда, мысалы білім беру (орта, орта кәсіптік, жоғары), медициналық қызмет көрсету саласында, дауды шешуге ұмтылып отырған тараптардың бірі мемлекеттік нысанындағы заңды тұлға болса, әрине медиациялық келісімді жасауға мүмкіндік жоқ. Сондықтан, ҚР «Медиация туралы» Заңының 1 бабының 3 тармағына келесідей өзгеріс енгізілсе: «Тараптардың бірі заңды тұлғаның мемлекеттік нысаны бар білім беру немесе медициналық мекеме болып табылатын білім беру, медициналық қызмет көрсету саласында туындайтын даулар мен жанжалдарды қоспағанда, тараптардың бірі мемлекеттік орган болып табылатын кезде, жеке (немесе) заңды тұлғалар қатысатын азаматтық, еңбек, отбасылық және өзге де құқықтық қатынастардан туындайтын дауларға және жанжалдарға медиация рәсімі қолданылмайды». Бұл ұсынысты растау үшін ҚР Конституциясының⁶ 6 бабының 1,2 тармағында Қазақстан Республикасында мемлекеттік және жеке меншік танылатынын және тең дәрежеде қорғалатынын атап өту қажет. Меншік міндеттейді, оны пайдалану бір мезгілде қоғамдық игілікке қызмет етуге тиіс, тиісінше тараптардың бірі заңды тұлғаның мемлекеттік білім беру нысаны бар немесе медициналық мекеме болып табылатын даулы субъектілер арасында медиацияны қолдану мүмкіндігі мәселесінде, тәжірибелік салада әбден қолдануға тиіс, өйткені азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кез келген құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің жоғары құндылықтары болып табылады.

Тлембаева Ж.У. өзінің «Әкімшілік және өзге де жария-құқықтық қатынастардан туындайтын құқықтық дауларды соттан тыс реттеу Қазақстан Республикасындағы жағдайы мен даму болашағы» атты зерттеуінде Қазақстан Республикасындағы тіпті әкімшілік және өзге де жария-құқықтық қатынастардан туындайтын құқықтық дауларды соттан тыс реттеу институтын қолдану перспективаларымен, сондай-ақ әкімшілік дауларда медиацияны қолданудың

⁴ Что такое конфликт? // <https://kk.wikipedia.org>

⁵ Что такое борьба? // <https://kk.wikipedia.org>

⁶ ҚР Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (23.03.2019 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен)

артықшылықтарымен байланысты мәселелер бүгінгі таңда үлкен өзектілікке ие болады деп анықтаған [4].

Әкімшілік дауларды шешу кезінде дауларды соттан тыс шешу құралдарын пайдаланудың себептері келесідей:

- әкімшілік органдармен қарым-қатынаста азаматтың іс жүргізу жағдайын жақсарту;

- экономикалық орындылығы;

- мемлекеттік институттардың қақтығыстарды басқару қабілетін жетілдіру;

- сотта әкімшілік дауларды қарау нәтижелеріне қанағаттанбаушылық - сот қорғау құралдары күтілгендерге сәйкес келмейді;

- мемлекеттік органдардың шешім қабылдау рәсімдерін контрактыландыру [5].

Бұған сондай-ақ қоғамдық қатынастар субъектілерінің дербестігі мен дербестігінің өсуі, жеке құқықтық бастауларды жариялы-құқықтық салаға біртіндеп ықпалдастыру, мемлекеттің рөлін және оның азаматтармен өзара іс-қимылының сипатын өзгерту сияқты факторлар ықпал етеді. Және, соның салдарынан, мемлекеттік билік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қатысуымен дауларды шешу тәсілдерін жетілдіру қажеттілігі қалыптасады [4].

Алайда, Тулепбаева А.С., Макенов Т.Қ. айтуынша жария дауларды сотқа дейін реттеу салыстырмалы жаңа институт, сондай-ақ Қазақстан Республикасы жүргізіп отырған, жария дауларды сотқа дейін реттеу институтын дамытуды кеңейтуге бағытталған әкімшілік реформа болып табылатынына байланысты оның ұғымын заңнамалық бекітуді қажет етеді [6; 159 б.].

Қазақстан Республикасының әлеуметтік саласында бүгінгі таңда медиацияны қолдану арқылы құқық туралы дауларды шешудің баламалы тәсілдерін одан ары дамыту және толыққанды енгізу мынадай себептерге негізделген: әлеуметтік шиеленіс, қоғамдағы жанжалдық, ұлтаралық қатынастардың шиеленісуі; көші-қон процестерінің күшеюі, ұлтаралық және конфессияаралық проблемалардың шиеленісуі; көпұлтты қоғамда өмір сүруге, мәдениетаралық диалог жүргізуге дағдылану қажеттілігін қалыптастыру; күн сайын халықаралық нормалар мен стандарттарға, кез келген саладағы жұмыс әдістері мен технологияларына көшу; отбасының іргелі қоғамдық институт ретіндегі рөлін әлсірету және осы рөлді білім беру мекемелеріне жүктеуі; қоғамдағы бей-әлеуметтік көріністер: мысалы, балалар нашакорлығы, маскүнемдік, қадағалаусыздық және панасыздық, балалар және жасөспірімдер қылмыстары, кәмелетке толмағандар жасайтын құқық бұзушылықтар, суицидтік мінез-құлықтың көрінісі және т. б.

Әрине, осы мәселелердің ішіндегі азаматтардың әл-ауқатына байланысты ең басты, маңызды сұрақтардың бірі ол қоғамдағы бү-

гінгі экономикалық дағдарыста қалыптасқан азаматтардың әлеуметтік жағдайлары (медициналық, тұрғын үй мәселелері және т.б.), отбасылық жанжалдардың көбейуі, біздің болашақ жастарымыздың мәселелері (білім саласы, жасөспірімдердің құқық бұзушылықтары және т.б.). Сондықтан, осы мәселелерге өте мықты шешім, көмек қажет, қай тараптардан болмасын – мемлекет тарапынан да, қоғамнан да, заңгерлерден да, татуластырушылардан (медиаторлар, арбитрлар және т.б.) да, дау қатысушыларының өздерінен де.

Бәріне мәлім, қай жерде болмасын кәмелетке толмаған оқушылар арасында даулы жағдайлар жиі орын алады. Бұл факт құқық бұзушылық және қылмыс статистикасымен, сондай-ақ жоғары сынып оқушыларының сұрау материалдарымен расталады. Сауалнама нәтижесі бойынша әдеттегідей, бірінші орында достармен және сыныптастармен қақтығыстар (тиісінше 57% және 48%), екінші, үшінші орында ата – аналармен қақтығыстар (32%), төртінші орында-педагогтармен (12 %). Бұл ретте мектептер бір жағынан, «баланың өмірі» мен статистиканы өз - өзіне бүлдірмеу үшін, ал екінші жағынан, әдеттегідей, дауды әкімшілік әдіспен шешуді ғана ұсынады.

Осы мәселені шешу аясында білім беру ортасы үшін тиімді және бүгінгі қоғам талаптарына сай механизмнің бірі мектеп қызметінің татуласу орындарының ұйымдастырылуы және жетілдіруі қажет болып отыр. Мысалы, жетекші (медиатор) ретінде қызметте мектеп оқушылары - жасөспірімдер жұмыс істесе, тек қана медиатордың, оқытушылардың, психологтардың көмегімен дауларды шешу ғана емес, сол жанжалдарды алдын алып, заңсыз әрекеттерді болдырмаудың тиімді жолын көрсетуші еді деп айтуға болады. Әрине, бұл жағдайда жасөспірімдер ересек куратордың басшылығымен жұмыс істейді, арнайы психологиялық оқытудан өтеді, сонымен қатар болашақ ересек өміріне де қажет дағдыларды игеріп, жанындағы сенім білдірген сыныптастар тарапынан көмек көрсетуші, дұрыс жолды тауып беретін тұлға ретінде көрінуі әбден ықтимал.

Бүгінгі күні медиацияны Қазақстан Республикасы аумағында ары қарай қолдану және еңгізу жолында мектеп медиациясы жобалары қарқын дамуда, себебі инновациялық, цифрлік технологиялар даму заманында күнделікті тыныс-тіршіліктің өзгеруіне, жұмыстардың күрделенуіне байланысты, ата-аналар мен баланың (жасөспірімнің) ортасындағы психологиялық контактының жоғалуына байланысты, қоғамымызда әр түрлі жағымсыз жағдайлар орын алып жатады. Сондықтан, мектеп медиациясы қызметі жобасын ары қарай дамытып, білім беру мекемесіне қатысушылар арасындағы, оның ішінде ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер (бір жағынан) және білім беру ме-

кемесінің әкімшілігі (екінші жағынан) арасындағы дауларды және жанжалдарды реттеуді көздеу керек, оларды табысты шешу кезінде орта мектептердің білім беру нысаны «мемлекеттік мекеме» болып табылса да заңға сәйкес медиативтік келісім жасасу мүмкіндігін беру керек.

Мемлекет басшысы қоғамдық сананы жаңғыртудың мемлекеттік бағдарламасында көрсеткеніндей, кез келген қазақстандыққа, тұтастай алғанда, ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болу қажет. Арасында шартсыз алғышарт ретінде осы сияқты факторлар бұл компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу, мәдени ашықтығы. Сондықтан да «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы да, үштілділік бағдарламасы да, мәдени және конфессиялық келісім бағдарламасы да – ұлттың (барлық қазақстандықтардың) ХХІ ғасырдағы өмірге дайындығының бір бөлігі. Бұл біздің бәсекеге қабілеттілігіміздің бір бөлігі⁷.

Қорытындылай келе, нарықтық экономика жағдайында бұзылған құқықтарды қорғаудың баламалы тәсілдерінің болуы, татуластыру рәсімдерінің жетілдірілуі азаматтық қоғам мен оның институттарын дамыту үшін үлкен маңызға ие, осыған байланысты Қазақстан Республикасында бітімгерлік рәсімдердің мәртебесі мен құқықтық қызметін кеңейтіп, одан әрі заңнамалық тұрғыдан бекіту қажет.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде және Қазақстан Республикасында медиация институтын одан әрі дамыту мақсатында келесі ұсы-

ныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасында медиацияның қолданылу саласының уақтылы шешілуі әлеуметтік қатынастарды үйлестіруге, жанжалдар мен шиеліністердің қолайлы реттелуіне және әріптестік іскерлік қатынастарды дамытуға жәрдемдесуге ықпал етеді. Бітімгерлік рәсімдердің медиация тәсіліне қолданылу саласын шет елдер тәжірибесіне сай кеңейту қажет;

2. нарықтық заман жағдайындағы экономикалық дағдарыстың әсерінен қоғамдық қатынастар күрделі түсуде, сондықтан ҚР «Медиация туралы» Заңының 1 бабының 3 тармағында медиацияның қолдану ауқымын кеңейту қажет, әсіресе даудағы тараптардың бірі мемлекеттік нысанындағы заңды тұлға болса да (білім беру немесе медициналық мекеме және т.б.), өйткені азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау кез келген құқықтық және әлеуметтік мемлекеттің жоғары құндылықтары болып табылады;

3 Қазақстан Республикасында мектеп медиациясы қызметі жобасын ары қарай дамыту үшін ҚР «Медиация туралы» Заңына өзгерістер еңгізу қажет, себебі білім беру мекемесінде қатысушылар арасындағы, оның ішінде ата-аналар, оқушылар мен мұғалімдер және білім беру мекемесінің әкімшілігі арасындағы дауларды және жанжалдарды дер кезінде реттеу, алдын алу болашақ ұрпағымыздың тәрбиесін жақсартуға, қоғамдық сананы жаңғыртуға, қоғамдағы әлеуметтік әріптестікті дамытуға әкеледі.

ӘДЕБИЕТ

1. Носырева Е. *Альтернативные средства урегулирования споров в США // Хозяйство и право. - 1998. - № 1. - С. 90-96.*
2. Каратаев И. А. *Актуальные проблемы процедуры медиации в России и пути их решения // Актуальные проблемы права: материалы V Междунар. науч. конф. (г. Москва, декабрь 2016 г.). - М.: Буки-Веди, 2016. - С. 74-77.*
3. Prateek Dave *Concept Of Conflict In Organisational Behaviour, Types And Sources Of Conflict // Indiastudychannel. - 2012. - P.40*
4. Тлембаева Ж. У. *Внесудебное урегулирование правовых споров, возникающих из административных и иных публично-правовых отношений в Республике Казахстан: состояние и перспективы развития // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37502772#pos=5-250*
5. Калашикова С. И. *Медиация в сфере гражданской юрисдикции. - М.: Инфотропик Медиа, 2011. - 304 с.*
6. Түлепбаева А. С., Мakenов Т. К. *Правовая природа института досудебного урегулирования споров, вытекающих из публичных правоотношений // Вестник Института законодательства РК. - 2018. - №5 (54) - 154-160 с.*

REFERENCES

1. Nosyreva E. *Alternativnye sredstva yregulirovaniya sporov v SShA // Hoziaistvo i pravo. - 1998. - № 1. - S. 90-96.*
2. Karataev I. A. *Aktyalnye problemy protsedury mediatsii v Rossii i pyti ih reshenua // Aktyalnye problemy prava: materialy V Mejdynar. naych. konf. (g. Moskva, dekabr 2016 g.). - M.: Byki-Vedi, 2016. - S. 74-77.*
3. Prateek Dave *Concept Of Conflict In Organisational Behaviour, Types And Sources Of Conflict // Indiastudychannel. - 2012. - P.40*
4. Tlembaeva J. U. *Vnesudebnoe yregulirovanie pravovyh sporov, vznikayih iz administrativnyh i inyh pyblichno-pravovyh otnoshenu v Respyblike Kazahstan: sostoianie i perspektivy razvitiua // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37502772#pos=5-250*
5. Kalashnikova S. I. *Mediatsiua v sfere grajdanskoi iyrisdiktsii. - M.: Infotropik Media, 2011. - 304 s.*
6. Tylepbaeva A. S., Makenov T. K. *Pravovaiia priroda instityta dosydebnogo yregylirovaniya sporov, vytekayih iz pyblichnyh pravootnoshenu // Vestnik Institutya zakonodatelstva RK. - 2018. - №5 (54) - 154-160 s.*

⁷ Программная статья Н. А. Назарбаева «Взгляд в будущее: модернизация общественного сознания» // <https://informburo.kz/stati/statya-prezidenta-vzglyad-v-budushchee-modernizaciya-obshchestvennogo-soznaniya.html>